



МҰРАТБАЕВ- ҚАЗАЛЫ

№34
(2309)
Сенбі
17 мамыр
2025 жыл

Газет
2003 жылдың
5 қаңтарынан
шығады



Аймақтық
ақпараттық-
танымдық
басылым

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСЫНА ТАРАЙТЫН ГАЗЕТ

БЮДЖЕТ АТҚАРЫЛУЫНЫҢ ЕСЕБІ ТЫҢДАЛДЫ

Аудандық мәслихаттың жұмыс жоспарына сәйкес кезекті 38 сессиясы өтті. Сессияға аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет, Қызылорда облысы бойынша тексеру комиссиясының мүшесі Бауыржан Пшанов, аудан әкімінің орынбасарлары, облыстық бағыныстағы басқарма басшылары, қала, кент, ауылдық округ әкімдері мен әкімдікке қарасты дербес бөлімдер басшылары қатысты.

Сессияға аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш төрағалық етті.

Сессияның күн тәртібінде екі мәселе қаралды. Бірінші мәселе бойынша «2024 жылға арналған Қазалы ауданы бюджетінің атқарылуы туралы» облыстық тексеру комиссиясының мүшесі Бауыржан Пшанов және аудандық эко-



номика және қаржы бөлімінің сектор меңгерушісі Нұрдіәулет Аймағамбетов хабарлама жасады.

Аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш бюджеттік

бағдарлама әкімшілеріне алдағы уақытта тексеру комиссиясы тарапынан анықталған кемшіліктерге жол бермеу қажеттігін ескертті.

Екінші мәселе «2024 жылға

арналған аудандық маңызы бар қала, кент, ауылдық округ бюджеттерінің атқарылуы туралы» Қазалы қаласы, Әйтеке би кенті және ауылдық округ әкімдерінің хабарламасы тыңдалды.

Сессия соңында аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет сөз сөйлеп, бюджет қаражатын пайдаланушы мемлекеттік мекемелердің бюджет қаражатының тиімді жұмсалуды қадағалап, бюджет қаражатын игеру барысында қолданыстағы заң талаптарын қатаң сақтауы қажеттігін ескертті.

Сессия алдында аудандық мәслихаттың тұрақты комиссияларының бірлескен отырысы өткізіліп, сессияның күн тәртібіне ұсынылған мәселелер бойынша тиісті қаулылар қабылданды.

● Көктемгі егіс-2025

ЕГІН ДАЛАСЫНА АЛҒАШҚЫ ДӘН СЕБІЛДІ



Аудан әкімі Мейрамбек Шермағанбет Ақтан батыр ауылындағы егін даласына алғашқы дән себу іс-шарасына қатысты.

«Берекесі» шаруашылығының егіс алқабында өткен жиынға аудан басшысы, аудандық мәслихаттың төрағасы, аудандық мәслихаттың депутаттары, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы, шаруашылық құрылымдарының басшылары, ауылдық округ әкімдері, еңбек ардагерлері, ақсақалдар қатысып, сөз сөйлеп, алқапқа алғашқы дән сеппен, диқандарға сәттілік тіледі.

Егіс алқабында өткен

шара аудан әкімінің төрағалығымен «Дала күні» семинар-кеңесімен жалғасты. Онда аудандық ауыл шаруашылығы мен жер қатынастары бөлімінің басшысы Еркін Сейтов көктемгі егіске дайындық барысы туралы баяндады. «Қазалысушар» өндірістік учаскесінің басшысы Нұрлан Әбілдаев шаруашылықтарды сумен қамтамасыз ету туралы хабарлама жасады.

Аудан басшысы диқандарға күріш егу науқанын оңтайлы мерзім ішінде аяқтау үшін ұйымдастыру шараларына аса мән беріп, барлық агротехникалық талаптарды қатаң сақтау

қажеттігін ескертті.

Сондай-ақ, өткен жылдан қалыптасқан шаруашылықтардың суға қарыздарын шұғыл өндіру және егінге малды түсірмеудің алдын алу керектігін айтты. Осыған сәйкес, қала, кент және ауылдық округ әкімдеріне егін маусымында төрт түлік малдары көп тұрғындарды елді мекен аумағынан тысқары аймаққа шығару, сондай-ақ тұрғындарға күндізгі, түнгі мезгілдерде малдарына ие болып пада, кезек ұйымдастыру жөнінде түсіндірме жұмыстарын жүргізуді тапсырды.

Айта кету керек, биыл аудан бойынша 18245 гектар жерге ауыл шаруашылығы дақылдарын орналастыру, 6436 гектарға күріш егу жоспарлануда. Бүгінде 5536 гектар ескі жоңышқа толық тырмаланып, суғарылып, жоспарланған 2945 гектар жаңа жоңышқа, 200 гектар жаздық бидай, 40 гектар арпа және 495 гектар мақсары дақылдары толық егіліп күтімге алынууда.

КОНГО-ҚЫРЫМ ГЕМОМРАГИЯЛЫҚ ҚЫЗБАСЫНЫҢ АЛДЫН АЛУҒА БАЙЛАНЫСТЫ ЗАЛАЛСЫЗДАНДЫРУ ЖҰМЫСТАРЫ БАСТАЛДЫ

Қазалы ауданында «Конго-Қырым геморагиялық қызбасының» алдын алуға мал мен мал қораларына және буферлік аймақтарға көктемгі залалсыздандыру жұмыстары басталды.

Осыған сәйкес, Ғани Мұратбаев ауылында аудан әкімінің орынбасары Жалғас Сүйеубаевтың төрағалығымен Конго-Қырым геморагиялық қызбасы ауруына қарсы залалсыздандыру жұмыстарын жүргізу жөніндегі жұмысшы топтың мүшелерімен жиын өтіп, залалсыздандыру жұмыстарын жүргізетін мердігер мекеменің техникалары сап түзеді.

Алдағы уақытта биылғы жылы аудан бойынша «қолайсыз» болып анықталған 17 елді мекенде (Мұратбаев, «Майлыбас» ауылдық округі («Майлыбас», Байқожа), «Ойынды», 99 бетек, «Қарашеңгел» ауылдық округі («Үйрек», Водокачка), Құмжиек ауылдық округі (Пірімов, «Мәдениет»), «Басықара», Ақтан батыр, Жанқожа батыр, Бекарыстан би, «Майдакөл», Ү.Түктібаев, «Өркендеу», «Бірлік», «Бозкөл», «Кәукей», «Отгон») залалсыздандыру жұмыстары жүргізілетін болады.

Осыған орай, елді мекен тұрғындарынан кенеге қарсы өңдеу жұмыстарының тиімділігін арттыру мақсатында жеке меншік мал қораларына механикалық тазарту жұмыстарын сапалы жүргізулерін сұраймыз.

Қазалы ауданы әкімдігінің баспасөз қызметі

КЕҢЕС ОДАҒЫНЫҢ БАТЫРЫ ҮРМӘШ ТҮКТІБАЕВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТІ



Қазалы ауданында Ұлы Жеңістің 80 жылдығына орай, Кеңес Одағының батыры Үрмәш Түктібаевты еске алуға арналған 2012-2013 жылы туылған жасөспірімдер арасында грек-рим күресінен республикалық турнир өтті.

Бесінші мәрте ұйымдастырылған боз кілем бәсекесіне Атырау, Жамбыл, Түркістан, Қызылорда облыстары мен Арал, Қазалы аудандары және Сексеуіл кентінен 160-қа жуық жас балуан қатысуда.

Жарыстың салтанатты ашылу рәсіміне Қызылорда облысының дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев, Қазалы аудандық мәслихатының төрағасы Ғазиз Әліш, батырдың ұрпақтары мен туыстары Молдабай Ақниязов

пен Байтақ Тұрсынбай арнайы қатысты.

Турнирдің ашылу салтанатында аудандық мәслихаттың төрағасы Ғазиз Әліш пен облыстық дене шынықтыру, спорт және туризм басқармасының басшысы Бахтияр Артаев жарысқа қатысушыларды құттықтап, спортшыларға сәттілік тіледі. Сондай-ақ, батыр ұрпақтары да құттықтау сөз сөйлеп, жарыстың жоғары деңгейде өтетініне сенім білдірді.

Бұл турнир – батыр бабаларымыздың ерлігін ұлықтап, жас ұрпақтың бойына патриоттық рух пен спортқа деген сүйіспеншілікті сіңіруге бағытталған маңызды шара. Жарыс екі күнге жалғасып, жеңімпаздар мен жүлдегерлер түрлі номинациялар бойынша марапатталды.

ОТБАСЫ КҮНІНЕ ОРАЙ «КӨҢІЛДІ START» ЭСТАФЕТАЛЫҚ САЙЫСЫ ӨТТІ

15 мамыр – Халықаралық отбасы күні мерекесіне орай жанұя ынтымағы мен бірлігін нығайту, салауатты өмір салтын насихаттау және бұқаралық спортты дамыту мақсатында Қазалы ауданының қоғамдық даму бөлімінің «Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясатты іске асыру бағытында іс-шаралар ұйымдастыру» әлеуметтік жобасы аясында отбасылық «Көңілді START» эстафеталық сайысы өтті.

Отбасылық эстафета «Қазалы мәдени-демалыс кешеніндегі» спорт алаңында Қазақстан Республикасының мемлекеттік Гимнінің орындалуымен басталды. Спорттық шараны аудан әкімінің орынбасары Жәнібек Алиев сөз сөйлеп ашып, қатысушыларға сәттілік тіледі.

Сайысқа көп балалы 7 отбасы қатысып, алдымен өз командаларының ұрандарымен таныстырды. Одан кейін сайыскерлер 5 кезең – «Жүйрік ат», «Кім епті?», «Кім жылдам», «Допты шеңберге лақтыру», «Жеңіске жету» эстафеталары бойынша бақ сынасты.

Тартысты өткен сайыс нәтижесімен, Төлегеновтер отбасы кубок, диплом және І-ші орын 50 мың теңге, екінші орынға ие болған Әлиевтер отбасы диплом және 30 мың теңге,

ІІІ орын иегері Советовтер отбасы диплом мен 20 мың теңге қаржылай сыйақылар иеленді. Ал, Жұмабаевтар, Жеткергеновтер, Жүсіповтар және Әділхановтар отбасыларына ынталандыру алғыс хаты мен 10 мың теңге сыйақылар табысталды.

Шарада Әйтеке би кенттік мәдениет үйінің қызметкерлері мерекелік әсем ән шырқап, отбасылар мен жанкүйерлердің көңілін көтерді. Шара соңында эстафетаға қатысушы отбасылар керемет көңіл күймен ұйымдастырушыларға алғыстарын жеткізіп, естелік суретке түсіп, ризашылықпен тарқасты.

Айта кетейік, сайыстың ынталандыру жүлдесіне демеушілік жасаған «Сауаптан құр қалмайық» қоғамдық қорының төрағасы Қарымсақов Мақсұт Мұратұлы және «Ақжол Қазалы құрылыс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Ақжолова Сания Нұржаубайқызына алғысымызды білдіреміз.

Халықаралық отбасы күні баршаңызға құтты болсын!

Барлығыңыздың жанұяларыңызға амандық, шаттық пен қуаныш тілейміз! Берекесі мен бірлігі жарасқан отбасылар қатары көп болсын!

Қазалы ауданы әкімінің баспасөз қызметі

ҰСТАЗДЫҢ ҰЛАҒАТТЫ ІСІ



Қазалы ауданы, Абай аулындағы №90 мектептің тарих пәнінің мұғалімі Қожаназаров Шахан /1986 жылы қайтыс болған/ шәкірт тәрбиесінде патриоттық тәрбие мен адамгершілік тәрбиені баса назарда ұстаған.

1974 жылы ВЛКСМ Орталық Комитетінің шешімімен құрылған «Менің елім» атты экспедициялық топпен бірге Шахан Қожаназаров ауыл тарихын зерттей отырып, соғыстан

оралмаған боздақтарды анықтады. 1985 жылы Ұлы Жеңістің 40 жылдығына байланысты Ұлы Отан соғысынан оралмаған боздақтардың дерегін алу үшін Мәскеуге хат жолдаған. Нәтижесінде мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тексеруінен өткен соң 52 боздақтың аты белгілі болды.

Абай елді мекені шағын ғана ауыл. Ал сол ауылда қаншама адам өз отбасындағы Ұлы Отан соғысынан қайтып оралмаған өз туыстарын, боздақтарының қай жерде жерленгенін тарих пәнінің мұғалімі Қожаназаров Шахан ағайдың игі ісі арқылы білген. Міне, осы деректерге сүйене отырып Жеңістің 40 жылдығы қарсаңында 1985 жылы мектеп бітіруші 34 түлектерді ұйымдастырып, еңбек тынығу лагерінде жұмыс істеп, тапқан табысы мен өзінің отбасылық қаражатына соғыстан оралмаған боздақтарға ескерткіш орнатты.

Ескерткіш – Ұлы Отан соғысында қаза тапқан, туған жерге оралмаған ержүрек жерлестеріміз үшін жасалынған құрмет. Алғаш осы ескерткіш ашылған кезде әкесін іздеген баланың, баласын іздеген

ананың, бауырын іздеген туыстың жылағаны жаныңды аяздай қариды. Ескерткіш жанына келіп қаншама адамдар өз бауырларының есімін көріп, құран бағыштап, елі үшін жеңіске жетер қадамды жақындатқаны үшін өз бауырын, туысын мақтаныш етті. Міне, өлі разы болмай, тірі байымас – деген қазақтың сөзі бекер айтылмаса керек. Ескерткіш алдында Жеңіс күніне арналған іс-шаралар өткізіліп, боздақтарға арналып құран бағышталып, оларды үнсіз еске алу рәсімі әлі күнге дейін өткізіледі.

Осы ескерткішті орнатарда Шахан ағай көктасты арнайы тапсырыспен жасатып, оған Абай аулындағы мемлекеттік қауіпсіздік комитетінің тексеруінен өтіп, анықталған 52 боздақтың есімін жаздыртып, ескерткіш төбесіндегі «Бес жұлдызды» арнайы Москвадан алдыртқан екен.

Абай аулындағы №90 мектептің кез-келген ұстазымен жолыққанда Қожаназаров Шахан ағай жайында не айтар едіңіз? – деген сұрақ қойылса, сол кездері істеген еңбегін мақтанышпен айтады. «Ағайды өз көзіммен көрмесемде, осы

мектепте бірге қызметтес болған мұғалімдерден және ауыл тұрғындарынан естуімше ол өте кең, патриот, әділдікті сүйетін, өзінен бұрын халықты ойлайтын, елге жанашыр, шыншыл, әзілқой, бір қарағанда қатал болып көрінетін болған дейді. Ол ұстаздық жолда жүріп жастарға дұрыс жолды сілтеген адам және сол еңбегі үшін Қазалы ауданы білім қызметкерлері арасынан тұңғыш «Аға мұғалім» атағына ие болған. Сабақ үстінде балаларды күлдіріп, шабыттандырып, еңбекке баулып, оларға рух беріп отырған жан екен. Сонымен бірге, Шахан ағай №90 мектепте ең алғаш тарихи өлкетану мұражайын ашқан. Шахан ағай Ұлы Отан соғысының мәні мен мағынасын аша отырып, бұл соғыста қаншама адамның қаны төгілгенін, ендігі жерде соғыстың болмауын қалаған адам. Ұлы Отан соғысына қатысқан адамдарға құрмет көрсету ұрпақтан ұрпаққа жалғасуы үшін мектептегі өлкетану музейінің бір бұрышын Ұлы Жеңісті жақындатқан жандарға арнаған.

Айнұр ОСПАНОВА,
Қазалы аграрлы – техникалық колледжінің физика пәнінің оқытушысы

АЛАЯҚТАН САҚ БОЛЫҢЫЗ

Соңғы жылдары елімізде алаяқтық қылмыстарының саны артып барады. Алаяқтыққа - алдау немесе сенімге қиянат жасау арқылы бөтеннің мүлкін ұрлау немесе бөтеннің мүлкін құқықтық иемдену қылмыстары жатады.

Бүгінгі таңда кең таралып жатқан алаяқтықтың өте қауіптісі - ол интернет арқылы жасалатын алаяқтық.

Ғаламтордағы әккілер әсіресе әлеуметтік желілерді ұтымды пайдаланып отыр. Күн сайын ғаламтор немесе әлеуметтік желіде алаяқтықтың түрлі жолдары пайда болып, халықты сан соқтыруда. Сондықтан үнемі алаяқтықтың алдын алу жолдарымен халықты құлақтандырып отыру парыз.

Қазіргі таңда алаяқтық қылмыстарының алдын алу үшін елімізде түрлі жұмыстар жүргізіліп жатыр. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Жолдауында: «Интернет және телефон арқылы жасалатын алаяқтық әрекеттерге айрықша назар аудару керек. Құқық қорғау органдары мұндай қатерлерді анықтап, қылмыскерлерді құрықтау үшін ақпараттық-сараптама жұмысын күшейтуі қажет. Сондай-ақ азаматтардың құқықтық және қаржылық сауатын жүйелі түрде арттырған жөн», - деді.

Президенттің өзі бұл мәселеге назар аударғанына қарап-ақ елімізде алаяқтық қылмыстарының қалай кең тарап кеткенін бағамдауға болады.

Қазалы ауданы бойынша 2024 жылдың өткен мерзімінде 24 алаяқтық қылмыс тіркеліп, оның 14-і сотқа жолданса, қалған 10-ы қылмыс құрамы болмауына байланысты тоқтатылған.

Дегенмен, сотталушы жазасын жеңілдету мақсатында жәбірленушімен бітімгершілікке келуі арқылы қылмыстық іс тоқтатылмайды. Бұған дәлел: сотталушының алаяқтық жолмен алған ақшасын жәбірленушіге қайтара алмауы.

Мысалға, 27 желтоқсан 2024 жылы Қазалы аудандық сотының үкімімен сотталушы «А» өзінің іс-әрекетімен алаяқтық, яғни алдау және сенімді теріс пайдалану жолымен бөтеннің мүлкін аса ірі мөлшерде 10 жәбірленушіге 55 100000 теңге мүлктік залал келтірген деген айыппен, Қылмыстық кодексінің, 190-бабы 4-бөлігі 2-тармағымен кінәлі деп танылып, 5 (бес) жыл мерзімге бас бостандығынан айырылған.

Қазіргі таңда интернеттің мүмкіндігін қылмыстық іс-әрекеттерін жүзеге асыру үшін оңтайлы пайдаланып жүрген алаяқтардың әдіс-тәсілдері күн сайын өзгеріп, жаңарып отырады. «Қулығына құрық бойламайтындар» сан соқтырып кетпеу үшін барынша сақ болып, алаяқтың құрбаны болмауға тырысу қажет.

Интернет алаяқтардың құрығына түспеу үшін жеке құжаттағы және банк картасындағы мәліметтерді, аударымдар туралы квитанцияларды, кодтар мен код сөздерді оңды-солды таратуға жол бермеу керек.

Жеке деректерді тексерілмеген сайттар мен басқа да желілердегі «карта нөмірін енгізіңіз» деген орындарға жазуға болмайды. Тіпті ғаламторда жеке суретті де тарата бермеу керек. Интернеттен қосымшаларды жүктеу үшін тек App Store мен Play Market-ті пайдалану керек, күмәнді сілтемелерді басып, телефонға қосымша жүктеуден сақ болу қажет. Төлем жасау үшін картаның 16 саны жеткілікті. Ал CVV-код, код сөз, ЖСН және басқа да деректерді сұрап жатса, алаяқтар болуы мүмкін. Сондықтан мүмкіндігінше жеке деректерді ғаламторға беталды енгізуден сақ болыңыз.

Атап өтер жайт, интернет алаяқтықтың көпшілігі трансшекаралық сипатқа ие. Яғни әлемнің келесі бір шетінде отырып, сіздің қалтаңызды оп оңай сыпыруы мүмкін. Сол себепті қылмыстың бұл түрін ашуға айтарлықтай уақыт жұмсауға тура келеді.

Бұл сәтте алаяқ із жасырып кетуі де мүмкін. Сондықтан ең алдымен өзіңізге сақ болыңыз.

Қазалы ауданының прокуратурасы

СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫНА МАУСЫМДЫҚ ЖҰМЫСҚА ШАҚЫРАДЫ

Елімізде еңбек нарығын реттеу және халықты жұмыспен қамту жүйесінде еңбек ресурстарының мобильділігін арттыруға бағытталған ішкі көші-қон саясатының іске асырылуы маңызды мәселелердің бірі.

Солтүстік Қазақстан облысы экономиканың әр саласы бойынша қарқынды дамудағы өңірлердің бірі, еліміздің географиялық жағынан қолайлы аумақта орналасып, табиғи ресурстардың бірегейлігімен, табиғи ландшафттардың әртүрлілігімен және бай мәдени мұрасымен ерекшеленеді.

Солтүстік Қазақстан облысында агроөнеркәсіптік кешенді, өнеркәсіпті дамы-

ту, туристік және көліктік-логистикалық әлеуетті іске асыру, шағын және орта кәсіпкерлікті, жол, әлеуметтік және инженерлік инфрақұрылымды дамыту үшін жағдайлар жасауға, демографиялық ахуалды жақсартуға және адами капиталды дамытуға, халықты жұмыспен қамтуды арттыруға бағытталған шекара маңы аумақтарын дамыту бағдарламасы іске асырылуда.

Солтүстік Қазақстан облысында мамандардың тапшылығына жүргізілген талдау нәтижесі бойынша ауыл шаруашылығы мамандарының тапшылығы байқалады. Қажетті кадрлар: механизатор, тракторист-машинист, дәнекерлеуші,

сауыншы, бақташы, мал дәрігері, жүргізуші, электрик, агроном және тағыда басқа маман қажет етеді. Айлық жалақысы 150 000-300 000 теңге аралығында, маусымдық жұмыстың ұзақтығы алты айға дейін созылады.

Бұл жөнінде толық мағлұмат алу үшін «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 87152-46-37-43, 87152-46-56-48 байланыс телефонына хабарласуға болады.

Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі

ОБА – АСА ҚАУІПТІ АУРУ

Обаны ұсақ сүтқоректілер ағзаларында және олардың бүргелерінде жиі кездесетін зооноздық бактерия Yersinia pestis бактериясы туырады. Yersinia pestis жұқтырған адамда белгілер пайда болғанға дейінгі инкубациялық кезең 1-7 күнді құрайды.



Оба инфекциясының екі негізгі клиникалық түрі бар: бубонды және өкпе. Ең көп тараған түрі - ауыратын, қабынған лимфа түйіндерінің немесе «бубондардың» болуымен сипатталатын бубонды оба. Оба жануарлардан адамға ауру бүрге шаққанда, ауру тіндермен тікелей байланыста, ауа тамшылары арқылы жұғады.

Адамдардағы оба өте ауыр ауру ретінде көрінуі мүмкін. Бубонды обаның өлім деңгейі 30% - 60% жетеді, ал өкпе обасы, егер адам емделмесе, өлімге әкеледі. Сондықтан ерте диагностика және ерте емдеу өмірді сақтайды. Адамның инфекциясы келесі жағдайларда пайда болуы мүмкін: - жұқтырған бүргенің шағуы - аурудың тасымалдаушысы; - жұқтырған биологиялық сұйықтықтарымен немесе зарарлы материалдармен қорғалмаған байланыс; - өкпе обасымен ауыратын науқас дем шығарған жұқтырған ұсақ бөлшектерді, ұсақ тамшыларды ингаляциялау (ауа тамшылары арқылы). Оба жұқтырған адамда инкубациялық

кезең өткеннен кейін 1 күннен 7 күнге дейін, әдетте, жедел фебрильді жағдай дамиды. Типтік белгілер - кенеттен дене қызуының көтерілуі, қалтырау, бас ауруы және дененің сырқырап ауыруы, сондай-ақ әлсіздік, жүрек айнуы және құсу. Обаның барлық түрлері

ерте анықталса емделеді. Бубонды оба - дүние жүзіндегі обаның ең таралған түрі және жұқтырған бүргенің шағуынан пайда болады. Оба қоздырғышы Yersinia pestis адам ағзасына шаққанда жерінде өніп, лимфа жүйесі арқылы жақын маңдағы лимфа түйініне қарай

жылжиды, сонда ол көбейе бастайды.

Өкпе обасы - бұл аурудың ең қауіпті түрі. Инкубациялық кезең өте қысқа, 24 сағат болуы мүмкін. Өкпе обасымен ауыратын кез келген адам ауа тамшылары арқылы инфекцияны басқаларға бере алады. Алдын алу шаралары тұрғындарды тұратын аймағында зоонозды обаның бар екендігі туралы хабардар етуді және өздерін бүргеден шағып алудан қорғау және өлген жануарлардың өлекселеріне қол тигізбеу қажеттілігі туралы ұсыныстарды таратуды қамтиды. Әдетте, жұқтырған дене сұйықтықтармен және тіндермен тікелей байланыста болудан аулақ болу керек. Ықтимал жұқпалы науқастармен жұмыс істеу және тестілеу үшін үлгілерді жинау кезінде стандартты сақтық шараларын сақтау керек.

Раиса НҰРАЛЫ, Қызылорда бөлімшелік көліктегі санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бас маманы

ТҰТЫНУШЫЛАР ЖОҒАРЫ ДЕҢГЕЙДЕ ҚОРҒАУДЫ ҚАЖЕТ ЕТЕДІ

Күн сайын дерлік біз әртүрлі тауарларды (жұмыстарды, қызметтерді) сатып аламыз, бірақ олар әрдайым сапалы бола бермейді. Кейде сатып алушының құқықтары сатып алу-дан бұрын, сатушылар тауардың техникалық сипаттамалары туралы дұрыс емес ақпарат берген кезде бұзылады.

Осыған байланысты тұтынушыны нарықтық қатынастарда барынша қорғау мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамаға үнемі өзгерістер мен толықтырулар енгізіліп отырылады. Осы ретте уәкілетті орган заң жобасын әзірледі, ол бүгінгі таңда Мәжілісте қаралуда.

Атап айтсақ, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заң жобасына тұтынушылардың құқықтарын қорғау жөніндегі Омбудсмен институтын енгізу және заңнамалық бекіту есебінен тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін институционалдық күшейту.

Тұтынушылардың құқықтарын қорғау мәселелері жөніндегі Омбудсмен институтының міндеті барлық тұтынушының әрқайсысын тыңдау, қызмет барысында тұтынушылардың құқықтарын қорғау саласының жүйелік проблемаларын зерделеу және анықтау, сондай-ақ тұтынушылардың дауысы ретінде қызмет атқару, бұл туралы мемлекеттік биліктің ең жоғарғы эшелондарына мезгіл-мезгіл тікелей баяндау, осы проблемаларды шешу жөніндегі ұсыныстар енгізу болып табылады. Омбудсмен институтының функцияларына кәсіпкермен туындаған тұтынушы құқықтары мәселелері бойынша сотқа дейінгі реттеу, әйтпесе - тұтынушылардың мүдделері мен құқықтарын қорғау үшін талап қоюмен сот органдарына жүгіну, егерде тұтынушылардың құқықтарына нұсқан келтіруі мүмкін болса немесе олардың мүдделері қозғалса, әзірлеуші мемлекеттік органдардың нормативтік құқықтық актілерінің салалық жобаларын әзірлеуге белсенді қатысу, азаматтарды тұтынушылардың құқықтары мәселелері бойынша құқықтық сауаттылықты арттыру және ағарту болып табылады.

2020 жылы "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Заңға түзетулер қабылданып, олар үкіметтік емес ұйымдармен бизнесті тарта отырып, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың біртұтас жүйесін құруға ықпал етті, оның ішінде тұтынушылардың шағымдарын қараудың төрт сатылы алгоритмі енгізілді. Бұл ретте сондай-ақ азаматтың сотпен кедергісіз қорғалуына

конституциялық құқығын ескере отырып, тұтынушылардың шағымдарын қараудың қолданыстағы алгоритмін, екі сатылы алгоритміне, тұтынушылық даудың тараптары арасындағы дауларды тек қана сотқа дейінгі реттеу мүмкіндігін сақтай отырып, құқықтары бұзылған тұтынушыны сотқа талап қою алдында мемлекеттік органға жүгінуге міндеттемеу ұсынылды.

Қолданыстағы Заң салалық заңдармен реттелген қаржылық, әлеуметтік, медициналық, туристік және өзге де қызметтер салаларындағы тұтынушылардың құқықтарын қорғауда қолданылмайды. Осыған сәйкес, адам өмірінің барлық салаларында тұтынушылардың құқықтарын қорғау мақсатында тұтынушылардың құқықтарын қорғау қағидаларын тұрғын үй-коммуналдық тұтыну, байланыс, туризм, мәдениет, сауда, көлік және тұтыну үшін көрсетілетін қызметтердің өзге де салаларында қолдану ұсынылды.

Онлайн саудаға қатысты тұтынушылардың электрондық сауда сегментіне шағымдарының саны өсті. Осыны ескере отырып, заң жобасымен шарттарда тұтынушылардың құқықтары мен заңды мүдделерін бұзатын және оларға қысым жасайтын талаптарға жол бермеуді бекіту, сондай-ақ құқықтық олқылықтарды жою, атап айтқанда, тауарларды сату мақсатында пайдаланылатын интернет-ресурстарды «сауда объектілеріне» теңестіру ұсынылды.

Тұтастай алғанда, тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңға ұсынылатын түзетулер тұтынушының қанағаттанушылығын қамтамасыз етіп, әлеуметтік тепе теңдікті қалыптастыруда оң нәтиже береді. Әзірленген жаңашылықтарды заңнамалық тұрғыдан бекіту тұтынушылардың құқықтарын қорғау жүйесін неғұрлым жоғары сапалы деңгейге көтереді және қазақстандықтардың өмірінде жағымды өзгерістерге әкеледі.

Сонымен қатар, тұтынушылардың құқықтарын қорғаудың бірыңғай ақпараттық жүйесіне, яғни e-tutynushy.kz сайтында ұялы телефон немесе компьютер арқылы әр тұрғын өзінің бұзылған құқықтары туралы мәлімдей алады және кәсіпкерлерге Smart QR қосылуға болады.

«Қазақстан республикасы сауда және интеграция министрлігінің қызылорда облысы бойынша сауда және тұтынушылардың құқықтарын қорғау департаменті» рмм

ПОТРЕБИТЕЛИ НУЖДАЮТСЯ В ПОВЫШЕННОЙ ЗАЩИТЕ

Практически каждый день мы приобретаем различные товары (работы, услуги) но не всегда они бывают надлежащего качества. Иногда случается, что права покупателя нарушаются еще до покупки, когда продавцы предоставляют недостоверную информацию о технических характеристиках товара.

В связи с этим в целях максимальной защиты потребителя в рыночных отношениях в законодательство о защите прав потребителей вносятся изменения и дополнения. При этом уполномоченным органом разработан законопроект, который сейчас находится на рассмотрении Мажилиса.

В частности, институциональное укрепление системы защиты прав потребителей за счет введения института омбудсмена по защите прав потребителей в проект закона о защите прав потребителей и законодательного утверждения.

Задача Института Омбудсмена по защите прав потребителей – выслушивать каждого потребителя, изучать и выявлять системные проблемы в сфере защиты прав потребителей в ходе своей деятельности, а также выступать голосом потребителей. время от времени отчитываться непосредственно перед высшими эшелонами государственной власти и решать эти проблемы – это вносить рекомендации. В функции института омбудсмена входит досудебное регулирование вопросов прав потребителей, поднимаемых предпринимателями, в противном случае - обращение в судебные органы с иском о защите интересов и прав потребителей, если это может затронути права потребителей или затрагивать их интересы, активное участие в разработке отраслевых проектов нормативных правовых актов развивающихся государственных органов, заключается в повышении правовой грамотности и просвещении граждан по вопросам прав потребителей.

В 2020 году были приняты поправки в Закон «О защите прав потребителей», которые с участием общественных организаций и бизнеса способствовали созданию единой системы защиты прав потребителей, включая введение четырехступенчатой системы защиты прав потребителей. алгоритм работы с жалобами

потребителей. При этом, учитывая конституционное право гражданина на беспрепятственную защиту со стороны суда, рекомендуется не обходить потребителя, права которого нарушены, обращаться в государственный орган до подачи иска, сохранив существующий алгоритм рассмотрение жалоб потребителей, двух-этапный алгоритм, возможность досудебного урегулирования споров только между сторонами потребительского спора.

Действие настоящего Закона не распространяется на защиту прав потребителей в сфере финансовых, социальных, медицинских, туристических и других услуг, регулируемых отраслевым законодательством. Соответственно, в целях защиты прав потребителей во всех сферах жизнедеятельности человека предлагалось применять принципы защиты прав потребителей в жилищно-коммунальном потреблении, связи, туризме, культуре, торговле, транспорте и других сферах услуг, предусмотренных для потребления.

В сегменте электронной коммерции увеличилось количество жалоб потребителей на онлайн-покупки.

С учетом этого предлагалось утвердить в договорах за-прет претензий, нарушающих права и законные интересы потребителей и оказывающих на них давление, а также устранить правовые пробелы, в частности, приравнять интернет-ресурсы, используемые для цель продажи товаров «объектам торговли».

В целом предлагаемые поправки в закон о защите прав потребителей дадут положительный эффект по обеспечению удовлетворенности потребителя, созданию социального баланса. Законодательное закрепление разработанных новшеств выведет систему защиты прав потребителей на более качественный уровень и повлечет благоприятные изменения в жизни казахстанцев.

Также в единой информационной системе защиты прав потребителей e-tutynushy.kz, каждый гражданин может зарегистрироваться и сообщить о своих нарушенных правах с помощью мобильного телефона или компьютера, а также предприниматели могут подключиться с помощью Smart QR.

Меншік иесі: «ТҰРАН-ҚАЗАЛЫ»
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

ДИРЕКТОР
Нұрбол ӘЛМӘМБЕТОВ

БАС РЕДАКТОР
Раушанбек СЕЙТЕНОВ

Газет Қазақстан
Республикасының Ақпарат
Министрлігінде 2004 жылғы
15 наурызда тіркеліп, №4801-г
куәлігі берілген

Газет аптасына екі рет: сәрсенбі және сенбі күндері шығады.
Газет «Тұран-Қазалы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің баспаханасында компьютермен теріліп, беттеліп, офсеттік тәсілмен басылды.

Редакция мен баспаханың мекен-жайы: 120400, Қызылорда облысы, Қазалы ауданы, Әйтеке би кенті, Қ.Пірімов көшесі, №14 үй.
Телефондар: директор - 2-17-49, бас редактор - 2-47-77, бухгалтер -2-60-94, факс 8 (724-38)2-17-49.

Тарату аумағы: Қызылорда облысы.
Газет табыс етілмесе, 2-13-91 телефонына хабарласуға болады.
Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

E-MAIL: tooturankazaly@mail.ru

Таралымы 11227 дана.